

Қожа Ахмет Ясауиатындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Оқу-әдістемелік комитетінің
№6 мәжілісінің хаттамасы

17.02.2025 ж.

ОӘК-ке қатысқандар: факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., 1-2 курс координаторы, аға оқытушы Аймаханов М.С., 3-4 курс координаторы оқытушы Назарова Л.К., 5 курс және магистратура, докторантура координаторы, магистр оқытушы Шойбек А., Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Минтасова А.С., Академиялық комитет төрағасы, аға оқытушы Ильясова Г.Т., медицина факультетінің кафедра меңгерушілері.

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

2. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

3. Көктемгі сессия емтихан түрлерін талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

4. Әртүрлі мәселелер.

4.1. 3 курс модуль пәндеріндегі медициналық практикаға кіріспе пәнінің ОҚКЕ (Объективті құрылымдық клиникалық емтихан) форматында өтуі туралы.

4.2. Фундаментальды ғылымдар кафедрасының доценті, х.ғ.к. А.К. Мамырбекованың «Введение в научные исследования» оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Факультет деканы сөз алып, 2025 жылдың қаңтар айында білім алушылар арасында күзгі семестр нәтижесі бойынша «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама онлайн түрде өткізілді, білім алушылардың сауалнамаға қатысуын тиісті факультет адвайзерлері ұйымдастырды. Академиялық мәселелер департаментінен Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының бақылауымен факультеттерден жауапты қызметкерлер білім алушылардың қатысуын қамтамасыз етті. Сауалнама IT департаменті орнатқан бағдарламамен автоматты түрде бақыланып отырды, білім алушылар логин, пароль арқылы кіріп тапсырды.

ШЕШІМ 1.: ББ білімгерлерінің, оқытушы профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

2. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова сөз алып, 2024–2025 оқу жылының күзгі семестрінде академиялық адалдықты сақтау бойынша жүргізілген мониторингтің нәтижелері туралы есеп берді.

Есепте төмендегі мәселелер қозғалды:

- білім алушылар тарапынан тіркелген академиялық адалдықты бұзу фактілері;
- оқытушылар мен қызметкерлер тарапынан орыналған бұзушылықтар;
- анықталған бұзушылықтар бойынша қабылданған тәртіптік шаралар, т.б.

ШЕШІМ 2.: Академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне қатысты жүргізілген мониторинг нәтижелері қабылдансын, оқытушылар мен білім алушылар арасында академиялық адалдық қағидаларын түсіндіру жұмыстарын күшейту ұсынылсын.

3. Көктемгі сессия емтихан түрлерін талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Кафедра меңгерушілері сөз алып, көктемгі семестрдегі аралық және қорытынды бақылау кестелерінің дұрыс жасалғаны және сол кесте бойынша бақылау жұмыстары алынып жатқаны туралы мәлімет берді. Әр кафедра меңгерушісі өз пәндерін бақылауға алып отырғанын мәлімдеді.

ШЕШІМ 3.: Кафедралардың көктемгі семестрдегі аралық және қорытынды бақылау кестелері назарға алынсын!

4. Әртүрлі мәселелер.

4.1. 3 курс модуль пәндеріндегі медициналық практикаға кіріспе пәнінің ОҚКЕ (Объективті құрылымдық клиникалық емтихан) форматында өткізілуі туралы.

Бұл мәселе бойынша ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Л.Т.Алимбекова сөз алып, 3-курс модуль пәндеріндегі «Медициналық практикаға кіріспе» пәнінің қорытынды емтиханын ОҚКЕ форматында өткізуді ұсынды. ОҚКЕ – бұл студенттердің клиникалық дағдыларын, коммуникативтік қабілеттерін, шешім қабылдау қабілетін, стандартталған станциялар арқылы объективті бағалауға мүмкіндік беретін заманауи емтихан форматы екені аталды. Бұл тәсіл білім алушылардың практикалық және коммуникативтік дағдыларын кешенді бағалауға, емтихан процесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасызетуге, науқасқа бағытталған оқыту моделін дамытуға ықпал ететіні дәлелденген.

Кафедра меңгерушілері бұл форматтың пән мазмұнына сай келетінін және студенттердің кәсіби құзыреттерін бағалауға тиімді екенін қолдады. Емтиханды өткізу үшін қажетті жағдайлар (станциялар саны, стандартталған пациенттер, бағалау парақтары, құрал-жабдықтар) нақты талқыланды. ОҚКЕ өткізу кестесі мен жауапты тұлғалар белгіленді.

ШЕШІМ №4.1.:

1. 3-курс модуль пәндеріндегі «Медициналық практикаға кіріспе» пәні бойынша қорытынды емтихан ОҚКЕ форматында өткізілсін;
2. Емтихан симуляциялық орталықта ұйымдастырылсын;
3. ОҚКЕ өткізуге жауапты ОПК тізімі бекітілсін;
4. Студенттерге емтихан форматы мен бағалау критерийлері алдын ала таныстырылсын;

5. ОҚКЕ өткізу үшін қажетті материалдық-техникалық база қамтамасыз етілсін.

4.2. Фундаментальды ғылымдар кафедрасының доценті, х.ғ.к. А.К. Мамырбекованың «Введение в научные исследования» оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

Бұл мәселе бойынша аға оқытушы, ОӘК төрағасы А.С. Минтасова сөз алды: «А.К. Мамырбекованың орыс тілінде дайындалған оқу құралы барлық талаптарға сай, медицина білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға көмекші оқу құрал ретінде пайдалануға болады. Ұсынылатын оқу құралына ішкі және сыртқы пікірлер берілген. Сол себепті, автордың орыс тілінде дайындағын оқу құралына қазіргі кезеңде қажеттілік болғандықтан қолдауға шақырамын».

Фундаментальды ғылымдар кафедрасының меңгерушісі қ.а., м.ғ.к. Бабаева К.С.: «Автордың орыс тілінде дайындаған «Введение в научные исследования» оқу құралы заманауи талаптарға және білім беру бағдарламаларының бағыттарына сәйкес келеді. Оқу құралда әлемде және Қазақстанда медицина ғылымының даму тарихы, ғылыми білімнің гносеологиялық негіздері, денсаулық сақтау саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оның кезеңдері туралы, ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен ғылыми нәтижелерді рәсімдеу туралы, ғылыми этиканың негіздері туралы мәліметтерді, сондай-ақ, дәлелді медицина бойынша халықаралық деректер базаларымен (Scopus, Web of Science, PubMed, Embase, Кокрейн кітапханасы және т.б.) жұмыс жасау мен жеке тапсырмаларды дайындау жөніндегі түсініктерді қамтиды. Сондықтан дайындалған оқу құралын баспадан шығаруды толықтай қолдаймын».

Комитет мүшелері оқу құралын бірауыздан басылымға шығаруға ұсынды.

ШЕШІМ №4.2.: Фундаментальды ғылымдар кафедрасының доценті, х.ғ.к. А.К. Мамырбекованың «Введение в научные исследования» атты оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



А.Минтасова